



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігіміз



Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Сапар

Ел үміті егінде



Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен Сыр өңірінде су тапшылығы орын алмай, «Қызылорданың Қостанайы» атанған жалағаштық диқандар былтыр кезекті науқанда мол табысқа кенеліп, облыс чемпионы атанды. Иә, аяқсу мәселесін оңтайлы шешудегі Сыр өңірі шаруаларының еңбегі Үкімет отырысында ерекше айтылып, Премьер-министр Олжас Бектенов қызылордалықтардың осы мақсаттағы тәжірибесін басқа өңірлерге үлгі етті. Сол межеден төмендемеу мақсатында биыл да қыруар жұмыс атқарылды. Жалағаштық шаруалар алдағы күзгі науқанда мол табысқа кенелуге ниетті.

Осы арада аймаққа жұмыс сапарымен келген ҚР Премьер-министрінің орынбасары Қанат Бозымбаев облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен бірге ауданға атбасын бұрып, егін саласында атқарылып жатқан жұмыстармен танысты. Аудан әкімі Ардақ Ибраимов өңірдегі ауыл шаруашылығы саласындағы жұмыстар туралы жан-жақты баяндап, вегетациялық кезеңде жүзеге асырылып жатқан шараларға тоқталды.

Айта кетейік, аудан бойынша биыл 36 742 гектарға егін егілген. Оның ішінде негізгі дақыл санала-тыр күріш көлемі 19 357 гектарды құрайды. «Жалағашсушар» өндірістік учаскесі арқылы 193 шаруашылық субъектісімен су жеткізу туралы келісім-шарт жасалған. Қалған 461 гектар егін қашыртқы суын қайта пайдалану негізінде насос қондырғылары арқылы суландырылуда.

Бүгінде барлық су арналары бойынша су алу кестесі бекітіліп, су кезекпен таратылуда. Биыл ауданға 1035 млн текше метр су лимиті бекітілген. Оның ішінде тұрақты суаруға 835 млн текше метр, экологиялық қажеттілікке 200 млн текше метр қарастырылған. Сондай-ақ бүгінде аудан шаруашылықтары егінді сумен қамтамасыз ету мақсатында 44 дана насос қондырғысын белсенді пайдаланып отыр.

Ерекше айта кететін жайт, жалағаштық жаңашыл «Ер-Әлі» шаруа қожалығы «Rubicon» құрылысын тәжірибе ретінде екі-үш жыл бұрын қолданысқа енгізген, яғни алқап ба-

сына облыстағы бірінші автоматтан-дырылған тоспа қойылып, ысыраптан арылған. Жаңа құрылыс әр литр сайын өтетін судың мөлшерін есептеп, автономды түрде күн сәулесінен қуат алатын батареялармен жұмыс істейді. Сол арқылы шаруа қожалық алғашқы жылдары 19-20 мың текше метр су үнемдеген. Жаңа технологиялардың нәтижесінде шаруашылық былтыр 101 центнерден рекордтық өнім алған.

Сондай-ақ аяқсуды үнемдеудегі тың тәжірибелердің бірі ретінде «Ер-Әлі» шаруа қожалығының шалғайдағы Аққырды өндіріске қосып, ауыл халқына жұмыс бергенін айтуға болады. Енді аққырлықтар бұрынғыдай тек мал шаруашылығын ширатып қана қоймай, егін де егеді. Суды үнемдеудің тың тәсілі ретінде Мақпалкөл ауылының күріштігінен шыққан суды көдеге жаратуда.

Жандос ЖАЗКЕН



Таза Қазақстан

«Тазалық табалдырықтан басталады» демекші, қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті. Осы ретте ауданда апта сайын табиғаттың тынысын ашу мақсатында тұрақты түрде сенбілік жұмыстары жүргізіліп, жол жиектері, арықтар күл-қоқыстан тазартылып тұрады.

Тазалыққа тастай талап қажет



Аудан көлемінде жалпыұлттық экологиялық акция аясында өткізілген сенбілікке мекеме қызметкерлері, көше тұрғындары мен ерікті жастар белсене қатысты. Тұрғындар кезекті тазалық барысында көшелер мен қоғамдық орындарды қоқыстан тазартып, жабайы шөптерді шауып, қураған бұталарды кесті. Сондай-ақ жол жиегі мен бордюрлер сырланып, қалдықтар арнайы техникамен белгіленген орындарға шығарылды.

Сенбілік барысында аудан әкімі Ардақ Ибраимов аудан аумағындағы көшелерді аралап, тұрғындарға «Таза Қазақстан» акциясының маңыздылығын атап өтіп, жауапты мекемелерге санитарлық тазалықты жүйелі түрде бақылауда ұстауды, жасыл желектерді баптап, аяқсуды уақытылы жеткізуді тапсырды. Сонымен қатар сенбілікке атсалысқан азаматтарға ризашылығын білдірді. Аудан көлемінде апта сайын жүргізіліп жатқан тазалық жұмыстарына барлық мекеме қызметкерлері бір кісідей атсалысып, әрбір ұжым өздеріне бөлінген көшелердің көркеюіне үлес қосуда.

«Таза Қазақстан» – жай ғана сенбілік емес, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған жүйелі әрі маңызды қадам. Қоршаған ортаны таза ұстау – әр азаматтың перзенттік борышы, ал ата-аналардың осы бағытта белсенді үлгі көрсетуі жас ұрпақтың туған жеріне деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

– Сенбілік – халықты игілікті іске шақыру. Әр адам өз үйін өдемі, ауласын таза ұстаса, ауданның тазалығы мен көркіне көрік қосар еді. Сенбіліктің тазалыққа пайдасы зор. Бүгін сенбілікке шығып, айналаны сыпырып, қоқыстарды өртедік. Әр

адам сенбілікке кішкене болса да атсалысып, үлесін қосса, тазалыққа деген жауапкершілік де арта түседі. Жанға рахат, көңілге шаттық сыйлайтын тазалық шараларына алдағы уақытта да аудан тұрғындары белсене қатысса, нұр үстіне нұр болар еді. Ауламызды гүлдендіріп, көшелерімізді көркейтеміз десек, санитарлық тазалықты өзімізден бастағанмыз жөн. Туған жердің тазалығын қадағалау әрбір тұрғынның азаматтық парызы екенін естен шығармайық, – деді аудан тұрғыны Айнұр Смайлова.

Тұрақты сенбілік жұмыстары барысында күн санап көшелердің келбеті жаңаруда. Апта сайын аудан және ауылдық округтерде жаппай сенбілік шаралары ұйымдастырылып, аудан тұрғындары табиғат тазалығын сақтауда белсенділік танытуда. Қоршаған ортаны абаттандыруға жанашырлық танытып апта сайын өткізілетін сенбіліктің мақсаты – туған жерді аздырмай, қолдан келгенше көркейтіп көгалдандыру. Қашанда халық үшін ауыл – руханияттың темірқазығы, ұлттық құндылықтардың алтын бесігі, береке-байлықтың бастауы. Туған жерінің ауасын жұтып, суын ішіп, табиғатынан қуаттанған әрбір азамат өз ауласын таза ұстап, қадірлеуі тиіс.

Айта кетейік, елімізде «Таза Қазақстан» акциясы аясында тазалық шаралары үздіксіз жүргізіліп келеді. Биыл 400 экологиялық іс-шара ұйымдастырылған. Акция басталғалы 6 миллионға жуық азамат 1 млн тоннадан астам қоқыс шығарып, 3 млн түп ағаш отырғызған.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Құрмет



Еңбек еленген күн

Көлік қызметкерлері күніне және «ҚТЖ» АҚ Қызылорда жол дистанциясы мен Қызылорда вокзалының 120 жылдығына арналған мерекелік шара өтті.

Салтанатты жиында «Аманат» партиясы облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов, «Қазақстан теміржолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы «Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі» филиалының директоры Ербол Сәулебеков, «Қазақстан теміржолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы «Жүк тасымалы бөлімшесі» филиалының директоры Батырхан Базарбаев сала ардагерлері мен қызметкерлерді мерекемен құттықтады.

Жиында сала ардагерлері, өндіріс озаттары жоғары кәсібилігі, мінсіз еңбегі және теміржол саласын дамытуға қосқан үлесі үшін марапатталды. – Біз теміржол саласы мамандарын мемлекетіміз бен «Аманат» партиясының негізгі бағдарламалық мақсаттары мен міндеттерін белсенді орындаушы азаматтар ретінде құрметтейміз. Сіздер арқылы бір жағынан елдің экономикасы мен өнеркәсібі дамып жатса, екінші жағынан жол қатынасы жақсарып, азаматтарымыз-

дың сапары сәтімен жүруде. Бұл сіздердің темірдей тәртіпке негізделген жауапты саладағы күнделікті уақытпен санаспай, үлкен шыдамдылық пен табанды еңбектеріңіздің жемісі деп білеміз, – деді төраға Алмасбек Есмаханов.

Қазіргі таңда облыста теміржол саласының 3500-ге жуығы – «Аманат» партиясының мүшесі. Салтанатты шара соңында концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, отансүйгіштікке үндейтін патриоттық әндер көрерменге мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

6 айда 12 төтенше жағдай тіркелген

Андапта



2



Жылдың төрт мезгілінде де төтенше жағдайлармен күресетін құтқарушыларға тыным жоқ. Жаз басталса, су айдындарын бақылайды, ал өрт қазіргі таңда жыл он екі ай орын алуда. Жалағаш аудандық төтенше жағдайлар бөлімі қызметкерлері де халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қажырлы еңбек етіп келеді. Әсіресе олардың соңғы уақытта төтенше жағдайлардың алдын алу бағытында атқарған жұмысы жемісін берген. Бірақ бұған тоқмейілсуге тағы болмайды. Өйткені «апаттың айтып келмейтіні» тағы бар. Жалпы биыл ауданда І жартыжылдықта қанша төтенше жағдай орын алды? Оның салдарынан адам шығыны болды ма? Жалпы мұндай мәселелердің алдын алу үшін қайтпек керек? Осы және басқа да бірқатар сауалымызға жауап алу үшін аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Еркін Назарқұловпен сұхбаттастық...

6 айда 12 төтенше жағдай тіркелген

— **Еркін Есетұлы, жалпы ауданда алғашқы 6 айлықта қанша төтенше жағдай орын алды және одан адам шығыны бар ма?**

— Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жұмыстарына келсек, 2025 жылдың 6 айында Жалағаш ауданының аумағында барлығы 12 төтенше жағдай тіркелді. Оның ішінде табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар оқиғасы тіркелген жоқ. Салыстырмалы кезеңде 2024 жылдың 6 айында 10 төтенше жағдай тіркелді, оның ішінде табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар бойынша 3 оқиға тіркелген, яғни төтенше жағдайлар саны 16 пайызға көбейіп отыр. Орын алған төтенше жағдайлардың барлығы да уақытылы жойылды. Төтенше жағдайлар салдарынан 1 адам қаза тапты және жарақат алу фактісі тіркелген жоқ. Салыстырмалы кезеңде 2024 жылдың 6 айында 1 адам қаза тапты және 1 жарақат алу фактісі тіркелді.

— **Жалпы мұндай мәселелердің алдын алу үшін қайтпек керек?**

— 2025 жылға арналған аудандық төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссияның жұмыс жоспарын 11.12.2024 жылы аудан әкімі бекітті. Жыл басынан бері 2 рет жоспарлы комиссия отырысы өтті. Онда 8 әзекті мәселе қаралып, 16 жауапты тұлғаға тапсырма берілді. Өзіміздің тарапымыздан да төтенше жағдайлардың алдын алу үшін үздіксіз халыққа түсіндірме жұмыстарын жүргізіп келеміз. Жалпы кез келген профилактикалық шараның барлық мәселенің алдын алуда ерекше маңызға ие екенін ұмытпауымыз керек. Сондай-ақ одан көз келген адам қорытынды шығаруы тиіс. Сонда ғана салада кез келген мәселенің алдын алуға мүмкіндік туады.

— **Жалпы аудандағы еимараттар кез келген төтенше жағдайға қарсы жарақаталан ба? Бұл жұмыстар бойынша сіздердің тараптан бақылау бола ма?**

— Жалағаш ауданы бойынша барлығы 429 нысан есепке алынды. Оның ішінде жоғары тәуекел дәрежелі 80, орта тәуекел дәрежелі 20, төмен тәуекел дәрежелі 329 нысан бар. 2025 жылдың І жартыжылдығына жоспарлы өрт қауіпсіздігі саласы бойынша тексеруге 31 нысан жоспарланды. Оның 25-і білім саласы, 1 орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі және 1 аудандық оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі, 3 нысан денсаулық сақтау саласы, 1 нысан «Арал газ» мекемесіне тиесілі. 2024 жылдың І жартыжылдығына жоспарлы өрт қауіпсіздігі саласы бойынша тексеруге 13 нысан жоспарланған. Оның 9-ы білім саласы, 1 орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі және 1 аудандық оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі болатын. Сонымен қатар аудан прокуратурасының талабына сәйкес 20 мектеп, 1 зертхана, 10 мемлекеттік балабақша, 1 шағын орталық, 1 колледж, 23 жеке балабақша, 7 асхана қызметі бойынша мердігер кәсіпкерлер тексерілді.

Биыл І жартыжылдықта жоспарға сәйкес 22 білім саласы бойынша, 2 денсаулық сақтау саласы бойынша нысанға профилактикалық бақылау бағытында тексеру жұмыстары жүргізіліп, 189 кемшілік анықталды. Анықталған кемшіліктердің орындалуын бақылау бағытында жоспардан тыс 19 нысанға тексеру жұмыстары жүргізіліп, толығымен орындалғаны анықталды.

— **Еркін Есетұлы, жылдың төрт мезгілінде де орын алатын төтенше жағдайдың бірі – өрт. Жалпы бұл мәселені күрес шараларының жемісі бар ма? Көбіне тіпсіз жаудың тұтануына не себеп болууда және одан келген шығын көлемі қанша?**

— 2025 жылы 6 айда 12 өрт оқиғасы тіркелді. Биылтыр бірінші жартыжылдықта дәл осындай 10 жағдай орын алған. Тіркелген өртті жарқатсақ, биылтыр нысандарда 1 жағдай орын алса, биыл мұндай жағдай тіркелген

жоқ. Ал өткен жылдың 6 айында 1 өрт оқиғасы көлікте орын алса, биыл автокөліктерде дәл осындай 5 жағдай тіркеліп отыр. Тұрғын үй секторларында орын алған өрт оқиғалары бойынша да өсім жоқ емес. Мәселен, биылтыр 5 тұрғын үй өртті тіркелсе, биыл осындай 7 жағдай орын алды. Сондай-ақ өткен жылы 3 орман өрті орын алған болатын. Абырой болғанда, биыл мұндай жағдайлар тіркелген жоқ.

Өрттің шығу себебіне келсек, биыл 6 айда жылыту пешінің ақауынан 1 жағдай орын алды. Биылтыр да дәл осындай 1 жағдай тіркелген болатын. Ал газ баллонының ақауынан өткен жылы 1 жағдай тіркелген. Түсіндірме жұмыстарының арқасында биыл мұндай жағдай орын алған жоқ.

Биылтыр электр желілерінің ақауынан 5 өрт оқиғасы орын алған болатын. Биыл алты айда оның көлемі 8-ге жетті, яғни 75 пайызға көбейіп отыр. Отқа абайсыз болу салдарынан биылтыр 1 жағдай орын алса, биыл 2 жағдай тіркелді. Сонымен қатар шылшым шегу салдарынан 1 жағдай орын алды.

Өрттен келген шығынға келсек, 2025 жылы 6 айда шығын көлемі 4 млн 620 мың теңгеге құрады. 2024 жылдың 6 айында бұл көрсеткіш 4 млн 337 мың теңгеге жеткен. Өткен жылмен салыстырғанда шығын 6,5 пайызға көбейген.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 410 бабы 1-бөліміне сәйкес, өрт қауіпсіздігі ереже-талаптарын сақтамағаны үшін 6 айда 5 тұлғаға әкімшілік іс қозғалып, 5 жеке тұлғаға ескерту шарасы көрілді. Биылтыр алғашқы 6 айда 5 әкімшілік іс қозғалып, ҚР ӘҚБтК-нің 410 бабы 1-бөліміне сәйкес 4 жеке тұлғаға «ескерту» шарасы көрілген, 410 бабы 3-бөліміне сәйкес 1 заңды тұлғаға 36 920 теңге айыппұл салынған.

Тұрғын үйлерде тіркелген өртті талдасақ, тұрғын үй секторларында биыл 6 айда 7 өрт оқиғасы орын алған. Тіпсіз жаудың тұтануына пештерді орнату және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі ережесінің бұзылуы басты себеп болып отыр. Осындай оқиғалық салдарынан І жартыжылдықта 1 жағдай орын алды. Мұнан бөлек электр сымдарының қысқаса тұйықталуынан 4, шылшым шегу салдарынан 1, отқа абайсыз болудан 1 жағдай орын алды. 2025 жылы 6 айда шығын 1 720 000 теңгеге құрады. Өткен жылмен салыстырғанда шығын 76 пайызға көбейген. Өрттен 1 адам қаза болды. 2025 жылы өрттің басым көпшілігі электр сымдарының қысқаса тұйықталуынан орын алған.

— **Жалпы азаматтық қорғау саласындағы үгіт-насихат жұмыстарының маңызы бар ма?**

— Әрине, бар. Кез келген төтенше жағдайдың алдын алуда түсіндірме жұмыстары қандай маңызға ие? Үгіт-насихат жұмыстарының да салмағы дәл сондай. Биыл алғашқы 6 айда «Жалағаш жаршысы» газетіне 44 мақала жарыққа шықты. Атап айтқанда, өрт қауіпсіздігі бойынша 22, азаматтық қорғаныс саласы бойынша 2, мұздағы қауіпсіздік бойынша 1, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша 3, азаматтық қорғаныс академиясы бойынша 1 және басқа да 2 мақала жарыққа шықты. Мұнан бөлек суға шомылу маусымы бойынша 9 мақала жарық көрді. Мұның бәрі төтенше жағдайдың алдын алуда ерекше маңызға ие.

— **Жалпы біздегі өртке қарсы су көздерінің жай-күйі қалай?**

— Жалағаш аудандық №11 өрт сөндіру бөлімінің шығу ауданында барлығы 707 өрт гидранты орналасқан. Аудан орталығында 163 өрт гидранты бар, елді мекендерде 532 өрт гидранты және нысандарда 12-сі тағы бар. Оның ішінде 631-і жарамды, 76-сы жарамсыз күйде екені анықталып, қазіргі таңда қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.

— **Енді жазғы суға шомылу маусымына келейік, жалпы биыл бұл маусым қалай өтуде?**

— Жыл басынан бері бөлімнің қызметкерлері судағы қауіп-қатердің алдын алу мақсатында тұрғындар арасында көшенді түрде түсіндірме жұмыстарын жүргізді. 2024-2025 жылдары су айдындарында қайғылы оқиғалар орын алған жоқ. Жалағаш ауданы төтенше жағдайлар бөлімі, №11 өрт сөндіру бөлімінің кезекшіліктен бос көзметкерлері аудандық полиция бөлімі, ЖАО және еріктілермен бірлесіп, су айдындарында 124 рет рейд жұмыстарын жүргізді. Рейд жұмыстары барысында балық аулап жүрген және тағы басқа жеке шаруаларымен жүрген 438 адамға түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, ұнпарақтар таратылды.

Ауданда орналасқан су айдындарында 150-ден астам патрульдеу және рейд жұмыстары жүргізілді. ҚР ӘҚБтК 412-бабына сәйкес белгіленбеген орындарға суға түскен жеке тұлғаларға 2 әкімшілік хаттама толтырылып, 25 574 теңге айыппұл салынып, уақытылы өндірілді. Аудан көлемінде орналасқан су айдындарында 6 суға шомылуға қауіпті учаскі белгіленген. Бұл учаскелерде 28 ескерту тақтайшасы мен 11 билборд орнатылған. Қызылорда облысы төтенше жағдайлар департаментінің тапсырмасына сәйкес, тұрмыс жағдайы төмен отбасылардың балалары басосындерде тегін суға шомылу бойынша Жалағаш ауданының төтенше жағдайлар бөлімі мен «Бодыбай Құлтеңенов» атындағы Жалағаш аудандық жабық бассейні арасында екіжақты өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасалды.

— **Бізде «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы бойынша қандай жұмыстар атарылуда?**

— Департаменттің 2025 жылғы 19 маусымдағы №623-қж хатына және Төтенше жағдайлар министрлігінің «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасын іске асыру, жергілікті атқарушы органдарға қарасты өрт сөндіру бекеттерінің және ерікті өртке қарсы құрылмыдарының жұмыс жағдайын жақсарту мақсатында нәтижелі жұмыстар атқарылды. Есет батыр ауылы Ақарық көшесі №15 мекен-жайда темір аңғарда орналасқан 1998 жылы шығарылған м/б 327 ҚР 11 Зил-433362 АЦ-40 негізгі өрт сөндіру автокөлігі 2024 жылы Аламесек ауылдық округі әкімі аппаратының төңгеріміне берілген. Сонымен қатар өрт сөндіретін жарамды өмбебап тіркемесі бар. Штат бойынша 3 адам жұмысқа қабылданды, оның 1-еуі – жүргізуші және 2-еуі – өрт сөндіруші.

Қазіргі таңда «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында өрт сөндіру бекетінің құрылысы Есет батыр ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты ауласынан Ибраев Бақыттың иелігіндегі «Ибраев Б» шаруа қожалығының демеушілігімен ауданы 12х6 метр болатын 2 бөлмелі өрт сөндіру бекетінің құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Есет батыр ауылдық округі әкімдігі мен қаржылай демеушілік етуші кәсіпкерлер арасында қыркүйек айына дейін өрт сөндіру бекетінің құрылысы аяқталып, қолданысқа беруге келісілген. Сонымен қатар негізгі өрт сөндіру автокөлігінің насосының салынктері мен прокладкалары жаңартылып, цистернасының шіріген бөлшектері дөңкерленіп, қайта сырланып, эмблемалары жаңартылды.

Мәдениет ауылы Қабылов көшесі №5 мекен-жайдағы бұрынғы көне клубтың ішінде 1998 жылы шығарылған м/б 294 АР 11 Зил-433362 АЦ-2,5-40 маркалы негізгі өрт сөндіру автокөлігі орналасқан. Мәдениет ауылдық округі әкімі аппаратының төңгеріміне 2020 жылы берілген. Штат бойынша 3 адам жұмысқа қабылданды, оның 1-еуі – жүргізуші және 2-еуі – өрт сөндіруші. Қазіргі таңда негізгі өрт сөндіру автокөлігінің цистернасы мен насосына жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ өрт сөндіру автокөлігі қайта сырланып, эмблемалары қойылды.

2008 жылы шығарылған АЦ-3,2-40 ЗИЛ-4331 м/б 791 АЖ 11 маркалы

негізгі өрт сөндіру автокөлігі 2024 жылы берілді. М.Шөменов ауылы Ө.Тәшімбетов көшесіндегі «Мега Агро» ЖШС қоймасында орналасқан. Сонымен қатар өрт сөндіретін өмбебап тіркемесі бар. Штат бойынша 3 адам жұмысқа қабылданды.

Қазіргі таңда М.Шөменов ауылдық округі әкімі аппаратының төңгеріміндегі бос тұрған бұрынғы жылу қазандығының ғимаратын өрт сөндіру бекетінің ғимаратына бейімдеу жұмыстары мен жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар негізгі өрт сөндіру автокөлігінің насосының салынктері мен прокладкалары жаңартылып, цистернасының шіріген бөлшектері дөңкерленіп, қайта сырланып, эмблемалары жаңартылды.

Таң ауылы бойынша бөлімнің төңгерімінен Урал негізгі өрт сөндіру автокөлігіне бағдарлама талабы бойынша толық сырлау жұмыстары аяқталып, өрт сөндіру автокөлігінің ескістеріне «Ауыл құтқарушысы» эмблемасы қойылып, шілде айында облыс әкімдігі мен департамент басшылығының қатысуымен Жалағаш ауданы Таң ауылдық округі әкімі аппаратының төңгеріміне берілді. Қазіргі таңда Таң ауылдық округі әкімі аппаратының төңгеріміне берілген Урал негізгі өрт сөндіру автокөлігінің құжаттары рәсімделуде және «Таң ЛТД» ЖШС-ның көлік қоймасына уақытша орналастырылды. Қазан айына дейін «Таң ЛТД» ЖШС-ның демеушілігімен бейімделген өрт сөндіру бекетінің құрылыс жұмыстары жасалып, қолданысқа берілетін болады. Сондай-ақ бөлімнің шығу ауданында шалғай орналасқан Аққыр, Аққұм ауылдық округтерінен өрт сөндіру бекеттерін ашу бойынша Жалағаш ауданының әкімі А.Ибраимовқа 2025 жылғы 4 шілдеде № 21-09/27/259-ІІ хатты жолданды.

— **Жалпы бөлімнің алақа көйеан негізгі және басым міндеттері аяқын ба?**

— Азаматтық қорғау саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, Төтенше жағдайлар министрлігіндегі алқа шешімдері мен жедел кеңес тапсырмаларын, Жалағаш ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарын және аппараттық жиналыс хаттамаларында көрсетілген тапсырмаларды нақты орындау – басты міндет. Сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша профилактикалық іс-шараларды жүргізу, азаматтық қорғау қызметкерлерінің құқықтық сауаттылығын және мәдениетін арттыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды болдырмау, Келіп түскен хат хабарларды (жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштерді) уақытылы орындап, мерзіміне сай тиісті органдарға (мекемелерге) жауабын жолдау да біздің басты функциямызға кіреді.

Төтенше жағдайлардың алдын алу мен жоюға аудан бюджетінің шұғыл шығындар резервінен мол қаржы көздерін қарастыру, Жалағаш кентіне жақын су айдындарынан суға шомылуға рұқсат етілген жағажай ашу мәселесін қарастыру да күн тәртібінен түспейді. Кез келген төтенше жағдайдың алдын алуға күш саламыз. Қарапайым халық та қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауы тиіс.

— **Сұхбатыңызға рахмет!**

Сұхбаттасқан Көңжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Сақтансаң, сақтайды

Газбен улану бәрінен қауіпті

Газбен улану – адам ағзасына улы газдардың, әсіресе көміртегі тоттығы өнуі нәтижесінде пайда болатын, адам өмірі үшін аса қауіпті жағдай. Улану бөлімі тұрмыстық газ құрылғыларын дұрыс қолданбаған кезде, желдету жүйесінің бұзылуы немесе пешпен жылытылатын үйлерде қауіпсіздік ережелерін сақтамау салдарынан болады.



Газбен уланудың себептеріне келсек, газ құрылғыларын, яғни пеш, колонка, плитаны дұрыс қолданбау басты себеп болады. Желдету жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуі, қыс мезгілінде жылу беру құралдарының ақауы, жабық кеңістікте жұмыс істейтін қозғалтқыштар, мысалы, гаражда жұмыс істеп тұрған автокөлік те қауіпті. Отын жағу кезінде түтінің толық сыртқа шықпауы улануға алып келеді.

Газбен уланудың белгілеріне келсек, бас ауруы, әлсіздік, жүрек айнуы, бас айналу, сананың шатасуы негізгі белгілері болып табылады. Мұның соңы тыныс алудың қиындауы, жүрек қағысының жиілеуі, ауыр жағдайларда естен тану, кома, өлімге алып келеді.

Қайтсек газдан уланудың алдын алуға болады? Бірінші кезекте газ құралдарын тек мамандардың орнатуына және тексеруіне сеніп тапсырыңыз. Желдеткіштердің таза болуын және дұрыс жұмыс істеуін қадағалаңыз.

Газ құрылғыларын ұзақ уақыт бақылаусыз қалдырмаңыз. Жабық бөлмелерде көмір немесе басқа да отынды жағуға болмайды. Улы газды анықтайтын дабыл қондырғыларын орнатыңыз.

Газбен уланған жағдайда не істеу керек? Алдымен зардап шеккен адамды дереу таза ауаға шығару керек. Мұнан кейін жедел жәрдем шақыру қажет. Кімнің түймелерін ағытып, тыныс алуына жағдай жасау керек. Егер адам есінен танған болса, тыныс алу мен жүрек соғысын тексеріңіз. Қажет болған жағдайда алғашқы медициналық көмек, яғни жасанды тыныс, жүрекке жанама массаж жасаңыз.



Су айдындарында қауіпсіздікті сақтайық

Су айдындарында демалу – жаз мезгіліндегі ең сүйікті және кең таралған демалыс түрі. Алайда ол дұрыс ұйымдастырылмаса, қайғылы оқиғаларға алып келуі мүмкін. Сондықтан қауіпсіздік ережелерін сақтау – әр адамның басты міндеті.

Судағы қауіпсіздік шараларына келсек, рұқсат етілген жерлерде ғана шомылыңыз. Арнайы жабдықталған жағажайлар мен бақылау жүргізілетін орындарды таңдаңыз.

Мас күйде суға түсуге болмайды. Бұл өте қауіпті және жазатайым оқиғаларға себеп болуы мүмкін. Балаларды қараусыз қалдырмаңыз. Оларды тек ересектердің бақылауымен суға түсіріңіз.

Жүзуді білмесеңіз, терең жерге бармаңыз. Құтқару құралдарын (дөңгелек, жилет) пайдаланыңыз. Суға секірмеңіз, әсіресе белгісіз немесе таяз жерлерде бұл қауіпті. Қатты шаршаған, ауырып тұрған кезде шомылмаңыз.

Суда ойнау кезінде сақ болыңыз. Бір-біріңізді итері, су астына басып тұру қауіпті. Қайықпен немесе басқа жүзу құралымен жүргенде құтқару кеудешесін киіңіз, артық жүк алмаңыз. Ауа райын бақылаңыз, дауылды ескертулерге назар аударыңыз.

Төтенше жағдай болса, суға батып бара жатқан адамды байқасаңыз, бірден 112 нөміріне хабарласыңыз. Жақын жерде құтқару құралдары болса, лақтырыңыз. Жүзу білсеңіз, артына қарай жүзіп, батып бара жатқан адамды арқа жағынан ұстауға тырысыңыз, бірақ өз қауіпсіздігіңізді ұмытпаңыз.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Абай Құнанбайұлы – 180 жыл

Абай – мәңгілік поэзия

Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні сияқты ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Ұлы Абай қазақ халқының рухания- ты мен мәдениетінің символы болып табылады. Оның ілімі халықтың рухани жаңғыруымен тығыз байланысты, ал даналығы қазіргі заманмен үндес. Абай шығармашылығымен танысу сананы оятып, ойға ой қосады, жаңа көңіл күй мен сезімге бөлейді, асыл армандарға жетелейді, өзінді өзін талдап тазаруға итермелейді.

Кемеңгер бейнесі көптеген аса көр- некті ақындар мен жазушылардың, су- ретшілердің назарын аударып келеді. Ұлы ақын өз дәуірінің ар-ожданы бол- ған сол кезеңдегі қазақ қоғамдық ойы мен әдебиеті Абай есімімен тығыз бай- ланысты болды.

Алаш қозғалысының 100 жылдығы аталып өткенде біз Абайды және оның бай мұрасын қазақ халқының рухани өлеміне қоса отырып, Алаш қайрат- көрлерінің ел тәуелсіздігі жолында өз ізгі мұраттарын тауып, ұлт пен Отанын сақтау үшін күрес жүргізгенін айқын сезіндік.

Абайдың алғашқы өмірбаянын Алаш қозғалысының көшбасшысы, белгілі экономист, тарихшы, әдебиетші, пуб- лист, журналист, аудармашы Әли- хан Бөкейханов жазған болатын. Ә.Бө- кейхановтың орыс тілінде жазылып, 1905 жылы «Семипалатинские вед- омости» газетінде жарияланған «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» атты мақаласы ұлы ақын туралы тұңғыш та анағұрлым толыққанды ғылыми еңбек болып та- былады. Кейін бұл мақала Абайдың портретімен бірге 1907 жылы «Записки Семипалатинского подотдела Западно- Сибирского отдела Императорского русского географического общества» журналында жарияланды.

Бұл жарияланым Әлихан Бөкей- хановтың Абайдың жеке өзі мен шы- ғармашылығын, шежіресі мен оның қоршаған ортасын жақсы білгендігін дә- лелдейді. Ол Абайдың ұлы Тұрағұлмен және Абайдың немере інілері Шөке- ріммен және Кәкітаймен жақын таныс болды.

Ә.Бөкейханов өз мақаласында Абайдың қоғамдық қызметтен ақындық- қа қалай ауысып, орыс және өлем поэ- зиясын көркем аударумен айналыс- қанын, Спенсердің «Тәжірибелер», Льюистің «Ақиқат Философиясы», Дрэ- пердің «Еуропаның ақылды дамуы» еңбектерімен таныса келіп, қалай еу- ропалық мәдениет биігіне көтерілгенін егжей-тегжейлі қарастырады. Ол өзінің Абай өмірі мен шығармашылығы туралы осы қысқаша очеркін аяқтай келіп, оны Еуропаның атақты ақындары қатарына қосады.

Алаш қозғалысының көрнекті бас- шыларының бірі, ағартушы, ақын, filo- лог Ахмет Байтұрсынов Абайды «қа- зақтың бас ақыны» деп атап, «Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» деп жазды.

Өлем әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезов дербес әдебиеттану ғылымы ретіндегі абайтанудың негізін қалады. Ұлы ақын туралы «Абай жолы» ро- ман-эпопеясының авторы: – «Ол өз халқының тарихында биіктен көрі- неді. Ол қазақ халқының көп ғасыр- лық мәдениетінен озығын алып, бұл қазынаны өлемдік және орыс мө- денитінің игі иікпалымен байытты», – деп Абай талантына жоғары баға берді.

Өрине, Абай тірі күнінде өз кітап- тарын көрген жоқ, алайда оның шы- ғармашылық дәстүрін жалғастырған рухани шәкірттері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұхтар Әуезов оның әдеби мұрасының бүкіл жер ша- рына таралуына ықпал етті.

Абайдың 1845 жылы 10 тамызда Семей облысының Шыңғыстау бөке- рінде өмірге келгені мәлім. Тобықты руының беделді де өктем басшысы Құнанбай өз ұлын Семей медресесіне оқуға береді. Бұл мектептің қатаң тәр- тібін бұзған Абай орыс тілін білмек ниетте медреседен кетіп, орыс-приход мектебіне ауысады. Әкесі Семейге кел- генде он үш жастағы Абай туған өлке- сіне қайтып оралады, бірақ он бес жылдан кейін білімін тереңдетіп, ұлт- тың рухани көшбасшысы болу үшін қайтадан қалаға келеді.

Семейге келе салысымен ол орыс және Еуропа әдебиеті классиктерін оқиды, патша үкіметі Семейге жер аударған алдыңғы қатарлы зиялы- лармен танысады. Ағылшын философ- тары Милль, Дрзпер және басқа еуропалық ойшылдар еңбектерін терең оқып біледі. Бұл туралы америкалық саяхатшы және журналист Джордж Кеннан 1906 жылы Петербургте жарияланған «Сібір және жер аудару» кітабында Абай туралы: – «Ағылшын философтарын мықтап зерттеп біліп, Миллді, Бокль мен Дрзперді оқиды», – деп естелік қалдырды.

А.С.Пушкин мен Гете, М.Ю.Лер- монтов пен Дж.Байрон Абайдың ең сүйікті ақындары болған сияқты. Оны олардың шығармаларының шынайы- лығы, жоғары шеберлігі, өмірлік қуаты толғандырды. Абай алыстағы қазақ ауылдарының тұрғындарын ұлы орыс ақындарының шығармашылығымен таныстыруды ниет етіп, XIX ғасырдың екінші жартысында А.С.Пушкиннің «Ев- гений Онегин» романынан үзінділер және М.Ю.Лермонтов өлеңдерін ауда- ра бастайды. Ақын туған халқы мәде-

ниетінің дамуындағы орыс классиктері шығармашылығының маңызын жете түсінді. Абай осы аудармаларының қазақ даласына тез тарап, ұғынықты болуы үшін бұл туындыларына ән жа- зады. Халық ақын өндерін жылы қабыл- дады да, Пушкин мен Лермонтов өлең- дері ең сүйікті шығармаларға айналды.

Шынайы өмірдің барлық құбылыс- тарына өзінің өткір де сергек ойын білдірген ол халықтың сана-сезімін оятып дамытатын бейнелер сомдады. Абай шығармаларын қайта-қайта оқи отырып, шынайы бейнелердің көркем- дік қуаты мен идеялық мазмұнының санқырлылығына және тақырыптық әралуандығына орай Абай шығарма- шылығының нағыз өмір энциклопедиясы екендігіне тәнті боласың. Адамдардың типтік түрлері, портреттік суреттемелер, табиғат пен тұрмыстың қаныққан әсерлі бояулары, лирикалық ой толғаныстары тұтастана келіп, бізден алыс өмір ақи- қатын көз алдымызға әкеледі.

Абай 1904 жылы қайтыс болды. Ақынның тірі кезінде оның жекелеген өлеңдері 1889-1890 жылдары Омбыда шыққан «Дала уәлаятының газеті» беттерінде жарияланды. Абайдың ал- ғашқы өлеңдер жинағы ол өмірден өт- көннен кейін ғана, 1909 жылы Петер- бургте жарық көрді. Осылайша ішкі сезімнен буырқанып шыққан шындыққа толы ақын сөзі терең ұғындырылып, лайықты бағаланған болатын. Абай шығармалары одан кейін 1922 жылы Қазанда және Ташкентте, 1933 жылы Қызылордада жеке кітап болып ба- сылып шықты. Одан іле-шала Алма- тыда, Мәскеуде және өлемнің басқа қалаларында жиі-жиі шықты.

Абай шығармалары өлемнің көпте- ген тілдеріне аударылған, оның ақын- дық талантына шет елдердің ақындары мен жазушылары, әдебиет сыншылары кеңінен үн қатты. Оның шығармашы- лығы туралы мақалалар, «Қара сөз- деріне» арналған зерттеулер Корея мен Қытайдаң, Үндістан мен Иранда, Еуропа елдері мен АҚШ-қа дейінгі өлемнің көптеген мемлекеттерінде жарияланды. Бұл мақалалар мен зерттеу- лерде ұлы ақын шығармашылығының Батыс пен Шығыс елдерінде қабыл- дануы кеңінен қарастырылып, оның өлем әдебиетіндегі рөлі ашып көрсө- тілген.

Бүгінгі күні Абай мұрасы өлем мәде- ниеті қазынасының ажырамас бір бө- лігіне айналды, ал оның есімі қазіргі за- манның ұлы ақындарының қатарында тұр.

Абай мұрасы – түркі мәдениетінің бір бөлігі. Өзбек ғалымы Абдулла Ру- стамов Абайды «адам жанының ем- шісі» деп атаған болатын. Ол пайым- дағандай, Абай шығармалары ғасырлар сүзбесінен өткеннен кейін де өзінің өзек- тілігі мен маңыздылығын жоғайн жоқ. «Өлең жолдарынан көптеген сұраққа жауап табуға болады, жаралы жүректі емдеуге болады, жаңа арманға беріліп, қиял жетегінде кетуге болады, жай ғана – оның тақуа сөздерінен жаңылып қалуға болады.


Ақын өлеңдері – бұл жаралы жүректер қуанышы, бұл өлсідер үшін күш, бұл түңілгендер үшін тірек пен қолдау». А.Рустамов Абай поэзиясын «өз бастауын биік те қуатты таудан алатын» ұлы сарқырамамен са- лыстырады, ал «адамдардың көңіл күйі үшін оның өлең жолдары өмірді жасартатын сиқырлы сусын ретінде қызмет етеді» деп баға берді.

Башқұрттың қабырғалы қаламгері Мұстай Көрінмнің жүрек түкірінен шық- қан тілек сөздері түркі өлемі үшін Абайдың маңыздылығын жоғары та- ныған сырлы жолдарға толы: «Біздер, башқұрттар үшін қазақ жазба поэзия- сының алғашқы хабаршысы, алғашқы үні Абай болды. Ол бірінші болып бізге қазақ жанын ашты... Абай ұлттық қана емес, өлемнің ақындық мәдениетінің шыңы болып табылады. Ал шыңдар алыстан көрінеді және олар үнемі өз- деріне тартады. Биікті алыстан да, Шығыстан Батысқа дейін көреді. Абай- дың рухани ой-өрісіне, ақындық көзқа- расының кендігі мен тереңдігіне, Абай парасатының қуаттылығына таң қа- ласың. Осының өзі оның Шығыс пен Батыс мәдениетіне қатыстылығын бай- қатады».

— Абай – қазақтың ғана емес, барлық түркі халықтарының да рухани әкесі. Абай – біздің ортақ игілігіміз, – деп нық айтқан еді Түркияның белгілі мемлекет қайраткері Намык Кемал Зейбек.

Абай адамзатқа қажет! Біз Қожа Ахмет Ясауиді, Абайды, өткен ғасыр- лардың басқа дана адамдарын өз әкелеріміздей біліп құрметтеуіміз керек.

Абай шығармашылығы Еуропа мен АҚШ-қа да белгілі. Қазақ ақын-жазу- шыларының үлкен досы Леонард Кошут қаламынан Абайдың 20 өлеңі алғаш рет неміс тіліне аударылып шыққан еді. Осы аудармашы Берлиннен «өзін- дік, қайталанбас, терең мағына мен маңызға толы Абай сөздерінің інжіл- дік-шығармашылық қуаты» өзін таңғал- дырғаны туралы жазды. «Оның поэ- тикасы сіресіп қалған дәстүрлерді өлең құрылысына, бейнелілігіне, дауыс ыр- ғағына дейін бұзады, аудармашы ақын алдына күрделі мәселелер қояды...» деп таңданады ол Абай өлеңдері ав- торды түрлі көңіл күйде – батыл, ма- засыз, ойлы, қайғылы, жалғыз етіп



көрсетеді. Мұның бөрі бізге, XXI ғасыр оқырмандарына арналған.

Абай үнінің ғажайып күші туралы айтудан Францияда Мадлен және Алы- берт Фишлер еш тынған емес. Ақын, философ, ойшыл пікірінше, халықтар арасындағы қарым-қатынастар өзара баю, ұғынысу және құрметтеу негізін- де қалыптасуы тиіс... Иә, Абай сөзін бізге арнайды. Абай біздің рақат күйде ұмытылып қалуымызға жол бермейді. Абайдың «Ескендір» поэмасындағы: «Жақсы болсаң, жарықты кім көрмейді, Өз бағанды өзіңнен кім сұрайды?!» де- ген сөздеріндегі философиялық ой- толғаныстарда өсиет пен гibrат үнемі байқалады.

Ресей әдебиеттануы Абай шығарма- шылығына ерекше қызығушылық таны- тады. Шығыстанушы, түркітанушы-ға- лым Владимир Гордлевскийдің 1914 жылы шығарыстанушы, академик Николаи Веселовскийдің 70 жылдығына арналған «Шығыс жинағына» Абай мен Міржақып Дулатов шығармаларын енгізгендігі белгілі жәйт. Әдеби байланыстардың осы даңқты дәстүрлерінің жалғасындай РФА М.Горький атындағы Әлем әде- биеті институты РФ және ТМД халық- тары әдебиеттері бөлімінің меңгерушісі, Ресей Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі Қазбек Сұл- танов «Абай Құнанбаев шығармашы- лығын қазіргі зерттеу тұрғысында оның қазақтар үшін маңызы орыс әдебие- тіндегі Пушкин рөлімен салыстыруға кел- еді» деп жазды.

Жазушы, әдебиеттанушы, М.В.Ло- моносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры, filo- логия ғылымының докторы Николай Анастасев Абай туралы «Абай. Ұшу- дың ауырлығы» атты «Тамаша адам- дар өмірі» сериясы бойынша шыққан кітабын (Мәскеу, 2008) Абай өмірі мен шығармашылығына арнады. Ғалым өз еңбегінде Абай «жас күнінен жыр ор- тасында өсті, ол ырғақ пен дыбыстың баласы еді.

Бұл туралы Мұхтар Әуезов өзінің роман-эпопеясында тамаша суреттеген. Баяндау сөзі үнемі өзгеріске ұшырайды, бірде бірқалыпты жылжып, енді бірде арғымақтың жүрдек жылдамдығын алады. Абай поэзиясының ырғақты кейі де осындай – бірде одан көруенің қалыпты қозғалысы байқалады, бірде алыстан дала тынысын бұзған құмның, жер қыртысының үнсіз қимылы, енді бірде аң аулайтын құс самғауы, тағы бірде ат тұяқтарының тықылы естіледі» деп тамасна жазды.

Абай поэзиясы елдер мен құрлық- тарға танылуда, себебі оның поэзия- сында ұлы ақынның бүкіл өмірі қам- тылған, оның жарқын болашақ туралы арманы жырланған.

Тәуелсіздік жылдары Абайдың ақындық дауысы ағылшын, белорус, болгар, корей, моңғол, неміс, поляк, тү- рік, француз, парсы, урду тілдерінде сөйледі. Жаңа аудармалар қазақ ақы- ның жарқын да қайталанбас жыр өлемін ашып берді.

Абай өлемді бағындыруда. Оның өлеңдері корей тіліне Абайдың 100 туындысын аударған Ким Бен Хак үшін жүйрік аттың шабысын бейне- лейді, өмірлік күш-қуатқа толы. Оның арғымақтары гүлге толы даламен же- ліп келе жақтандай әсер беріп, қор- шаған ортаны таңғалдырады. Мифтік тұлпарларға айналған бұл арғымақтар даланың үстінен бірде шапшаң ұшса, бірде Қазақстанның ашық аспанында байсалды қалықтайды.

Абайдың «Күз» және «Қансонарда бүркітші шығады аңға» атты өлеңдері институт жүзеге асырған «Жаңа дәуір- дегі қазақ-американ әдеби ынтымақ- тастығы» ғылыми жобасы деңгейінде шыққан «Жазғы кеш, даладағы тұң,

алтын бидай жері: қазақ әдебиетіндегі қоршаған өлем» атты ағылшын тіліндегі қазақ әдебиеті антологиясына алғаш рет енді. Кітаптың Вашингтонда өткен тұсауқесерінде Смитсоновский инсти- тутының Азия мәдениеті жөніндегі бад- дарламалар директоры Пол Тейлор өзінің философиялық және өлеумет- тік маңызын жоғалтпаған Абай поэ- зиясы мен музыкасының сұлулығын, терең мағынасын АҚШ-та қалың жұрт- шылыққа жеткізуді міндеттеріне ал- ғандығы туралы өңгімеледі. Абай поэзиясы америкалық оқырмандар қызығушылығын туғызуда. Жаңа басы- лымдарда әкесінің емес, Отанының ұлы болуды армандаған қазақ халқының лайықты ұлына деген құрметі жалғаса түсуде.

Абай – ең бірінші, қазақ халқының жаны, ал оның «қара сөздері» өлем мен адамдар мағынасын ұғынудың құнды кітабына айналады. Абай үні ғасырлар өтсе де өзінің қуатты күшін жоғалтқан емес.

«Рас, бұрынғы біздің ата-бабала- рымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған, бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен... Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өк- пе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен... Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді» деген Абай үні (Отыз тоғызыншы сөз) ғасырдан артық уақыт өтсе де өзінің қуатты күшін жоғалтпай, тереңдігімен таңғалдырады.

Абайдың 150 жылдық мерейтойы 1995 жылы ЮНЕСКО деңгейінде бү- кіл өлемде кеңінен аталып өтпді. Экс- Президент Н.Ә.Назарбаев кезінде ұлы Абайдың мерейтойын ЮНЕСКО- ның Естелік күнтізбесіне енгізу туралы ЮНЕСКО-ға ат жазған болатын. Ел- басының осы ерлікке пара-пар өре- кетінің арқасында Абай мерейтойының күл деңгейде атап өтілуі үлкен өлемдік құбылысқа айналып, шетелдік оқыр- мандардың ұлы ақын, ойшыл мұрасына қызығушылығын арттырғаны белгілі.

Абай – бүкіл адамзат игілігі. Оның поэзиясы – мәңгілік поэзиясы, даналық- тың, махаббат пен адалдықтың поэ- зиясы. Соңғы жылдардағы зерттеулерде Абайдың рухани ізденістері терең ашылып, оның ұлттық рухани қалып- тасуындағы рөлі айқындалды. Бүкіл- өлемдік қауымдастық Абайдың туған күнін 1845 жылдың 10 тамызы деп есептейді. Алайда соңғы кезде кейбір отандық ғалымдар ескі жыл санауға сүйеніп, оның туған күнін 23 тамыз деп ұсынуда.

Бұл пікірталас тақырыбы емес. Өлемдік қауымдастық, Еуропа, Азия мемлекеттері мен АҚШ-тағы ірі әде- биеттану орталықтары, сыншылар мен баспагерлер, Абай шығармаларын ау- дарушылар оның туған күнін жыл са- ыын 10 тамызда атап өтеді. Осымен бұл тақырыпқа байланысты кейбір пікірталастар мен пікірлерге нүкте қою керек деп ойлаймын.

Қазақстан халқы Абайдың туған күнін 10 тамызда тойлайды, бұл дата мектеп және ЖОО оқулықтарында, ел таныған абайтанушылардың ғылыми еңбектерінде нақты көрсетілген. XXІ ғасырда мәңгі жас классиканы жаңаша оқу үрдісі өтуде. Ғұлама ақын, ойшыл Абайдың мұрасын жаңаша ұғыну жалғаса береді, оның жалынды өлеңдері ешқашан өзінің күшін жоғалт- пайды. Өйткені Абай халықпен мәңгі бірге.

Уәлихан ҚАЛИЖАНОВ, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, ҰҒА академигі

Талап

Бала қауіпсіздігі бақылауда

Елдің құқықтық ахуалын қоғамдағы қауіпсіздікті күшейту мақсатында 2025 жыл «Профилактика жылы» деп жарияланды. Осы орайда жауапты органдар тарапынан бірнеше іс-шара ұйымдастырылуда. Соның бірі 27-29 шілде аралығында республика көлемінде «Түнгі қаладағы балалар» жедел профилактикалық іс-шарасы өтті. Іс-шараның мақсаты – жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың, қылмыстық әрекеттердің және оларға қатысты заңсыз іс-әрекеттердің алдын алу, түнгі уақытта көмелетке толмағандардың заңды өкілдерінсіз қоғамдық орындарда жүруінің жолын кесу, сондай-ақ олардың құқықтық сауаттылығын арттыру.

Қызылорда облысы Полиция департаментінің Жергілікті полиция қызметі басқармасының мәліметіне сүйенсек, жасөспірімдер қылмысының алдын алу бағытында құқық қорғау ма-мандары білім, денсаулық сақтау, қоғамдық даму басқармала-рымен, жастар ресурстық орталығымен және бұқаралық ақпарат құралдарымен бірлесе жұмыс істеді. Жалпы арнайы іс-шараға 300-ге жуық қызметкер жұмылдырылған. Ерекше айта кететін жәйт, бұл бағытта ата-аналарға жауапкершілік жүктеледі. Әрбір ата-ана өз баласының сағат 22:00-ден 06:00-ге дейін ойын-сауық орындарында, көшелерде бейберекет жүрмеуін қадағалауы тиіс. Сонымен қатар тәртібі қиын, қылмысқа бейім жасөспірімдерді анықтап, қажетті жағдайда оларды полиция есебіне алу көзделуде. Жасөспірімдерді қылмыстық ортадан, теріс әрекеттерден сақтау – ең алдымен отбасының, мектептің және қоғамның ортақ міндеті. Әрқайсысымыз осы іске үлес қоссақ, балаларымыздың ертеңі қауіпсіз ері жарқын болары анық. Құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу – текполицияның ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Е.ӘНУАРҰЛЫ

2025 жылғы 31 тамызға тағайындалған Мәдениет ауылдық округі әкімінің сайлауына байланысты сайлау учаскесінің шекаралары

№144 сайлау учаскесі.
Орналасқан жері: Мәдениет ауылдық округі Мәдениет ауылы Қалдан батыр көшесі №11 "А", "Мәдениет ауылдық округі әкімі аппаратының "Мәдениет ауылдық клубы" ком- муналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.
Шекарасы: Мәдениет ауылы.

Границы избирательного участка по выборам акима сельского округа Мадениет, назначенных на 31 августа 2025 года

Избирательный участок №144
Местонахождение: сельский округ Мадениет село Мадениет улица Калдан батыра №11 "А", здание комму- нального государственного казенного предприятия "Сель- ский клуб Мадениет" аппарата акима сельского округа Мадениет".
Границы: село Мадениет.

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести» және Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газеттерінде кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын газет бетінде орналастыру бойынша 2025 жылға өз қызмет құнын ұсынады

Облыстық "Сыр бойы" газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сөнбі күндері.

Таралымы – 21748 дана. Облыстық "Қызылординские вести" газеті 1930 жылдың 1 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шыға- рылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сөнбі күндері.

Таралымы – 5820 дана. Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде: Бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 500 теңге; ішкі беттерде орналастыру – 250 теңге; ең соңғы түрлі-түсті бетте – 300 теңге.

*** Облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести» газеттерінің syrboy1@yandex.kz, kzorda-vest1@yandex.kz сайттарына үгіт материал- дарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде): 1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылсады, әр қосымша фото – 2000 теңге. 2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта). Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге Stories – 10000 теңге TikTok: Video – 15000 теңге Stories – 10000 теңге Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

*** Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газеті 1934 жылдың 10 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2. Бірінші және соңғы беттер түрлі- түсті. Шығарылымы аптасына екі рет: сейсенбі, сөнбі күндері. Газеттің таралымы – 2761 дана. Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде: Бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 250 теңге; ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге; ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.

*** Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетініңzhalagash-zharshysy@yandex.kz сайтына үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде): 1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 16800 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылсады, әр қосымша фото – 200 теңге. 2. Баннер 200 x 1180 px – 10000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 8000 теңге (1 апта). Instagram: Post (video, photo, reels) – 10000 теңге Stories – 8000 теңге TikTok: Video – 10000 теңге Stories – 8000 теңге Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсынған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асы- рылады. Демалыс және мереке күндерінен басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күн бұрын алдын ала қабылданады. Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 10508, e-mail: sm-jarnama@yandex.kz

Ескерту: аудандық сайлау комиссиялары өз ауданының газет редакцияларына хабарласады.

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты «Қу- зылorda-news.kz» ақпарат агенттігіне кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2025 жылға өз қызмет құнын ұсынады

"Kyzylorda-news.kz" ақпарат агенттігіне үгіт материалдарын орна- ластыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде): 1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылсады, әр қосымша фото – 200 теңге.

2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта). Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге Stories – 10000 теңге TikTok: Video – 15000 теңге Stories – 10000 теңге

Тәлім



Ақжаулықты аналар бас қосты

«Руханият» орталығында аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Жасұлан Еспенбеттің төрағалығымен ауданның беделді, қоғамда үлкен абыройға ие аналарымен «Ана тәрбиесі – ұлт өнегесі» атты кездесу өтті. Жиынға ардақты аналармен қатар аудандық әйелдер кеңесінің мүшелері, қоғам белсенділері мен жас аналар қатысты.

Жалағаштың қасиетті топырағынан туған жерін түлеткен атпал азаматтардың, талай таланттардың, өнер майталмандарының шыққанын білеміз. Құт қонған киелі өңірден еліне қалқан болған батырлар да, айдай әлемді аузына қаратқан шешендер мен қисыны кеткен небір дауларды екі ауыз сөзімен түйіндейтін көсемдер де, күміс көмей әншілер мен жыршылар да, көмейнен жыр төгілген ақын да шыққан. Ауданымыздан шыққан әрбір тұлғаның жетістігі ана мейірімінен бастау алады. «Алып анадан туады» дегендей, ел мақтанына айналған азаматтардың қалыптасуында ақжаулықты аналарымыздың өлшеусіз еңбегі жатыр.

– Ана – бүкіл тіршіліктің бастауы, әулеттің, отбасының алтын діңгегі. Сіздер ардақты ана ретінде дүниеге саналы ұрпақ әкеліп, ұрпақ тәрбиесімен айналысып қана қоймай, ауданның қоғамдық өміріне белсене араласып, парасат биігінде көйміңізге үлгі болып келесіздер. Ана – адамзат баласының алғашқы ұстазы, мәңгілік шамшырағы. Ананың ақылы мен мейірімі кез келген баланы биік мақсатқа жетелейді. Ұлтың өнегелі ұрпағы – анадан бас-

тау алады. Ананы құрметтеу – елді құрметтеу. Елге пайдасы тиер тұлға тәрбиелеген аналар – шын мәнінде ұлттың бағына біткен асыл жандар. Осындай аналарды ұлықтау – әрбіріміздің азаматтық парызымыз. Бүгінгі тағылымды шараның да басты мақсаты – өздеріңізге құрмет көрсетіп, өлшеусіз ерен еңбектеріңізді жас ұрпаққа дәріптеу, – деді Жасұлан Ерданұлы.

Айта кетейік, кездесуге белгілі меценат-кәсіпкер, «Таң ЛТД» ЖШС директоры, Қазақстанның Еңбек Ері Имамзада Шағыртаевтың анасы Қант Наурызбаева, айтысақтаңгері, үшмөрте «Алтын домбыра» иегері, айтыскер ақын Мұхтар Ниязовтың анасы Жұмакүл Оңғарбаева, қазақ күресінен 23 жасқа дейінгі жастар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионы, облыстық және аудандық турнирлердің жеңімпазы, 2022 жылы жастар арасында өткен қазақ күресінен Әлем чемпионы, 2025 жылы 55 келі салмақта «Дала қырандары» республикалық турнирінің жеңімпазы Теміржан Русланның анасы Жадыра Селбеінова, әскерде тестілеу сынағынан 98 балл жинап, Қорқыт ата атындағы

Қызылорда университетінің грант сертификатының иегері атанған Әлтайыр Жақаншаның анасы Әсия Жарымбетова қатысты.

Кездесу барысында Жасұлан Еспенбет ақжаулықты аналарға ауданның 85 жылдық мерекелік медалін табыстап, ұрпақ тәрбиесінің бастауында ананың орны маңызды екенін жеткізді.

Мұнан бөлек жиынға қатысушы ардақты аналар бүгінгі кездесудің маңыздылығына тоқталып, ұрпақ тәрбиесі, ұлт болашағына қатысты ой бөлісіп, шара соңы аудан өнерпаздарының ән шашуымен қорытындыланды.

Сезім НҰР



Брифинг

Кенеден келер қауіп көп



Жалағаш ауданы бойынша бүгінге дейін кененің адамдарға шабуылдауынан 78 адам медициналық көмекке жүгінген. 100 мың халыққа шаққандағы көрсеткіш 216,7-ні құрап отыр. Былтыр осындай уақытта 111 жағдай тіркелген. Биыл 33 жағдайға төмендегенімен, Қырым-Конго геморрагиялық қызбасы ауруымен 3 жағдай тіркеліп, оның 2-еуінен (Аққум және Мәдениет елді мекендерінен) оң нәтиже анықталып отыр. БАҚ өкілдерімен өткен брифингте аудандық аурухананың жастар денсаулығы дәрігері А.Бектаева осылай деді.

Спикер алдымен Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алу шараларын кеңінен тарқатты. Ол кене ауруларының алдын алу үшін алдымен кененің шағуына жол бермеу қажеттігін айтады.

Ол үшін алаңды өңдегеннен кейін ғана лагерь құру керек, шөпке отыруға немесе жатуға болмайды. Саябаққа немесе саяжайға барған кезде жабық киім киген жөн, шалбар етікке тығылған болуы керек және міндетті түрде өзіңізбен бірге бас киімді алып жүрген дұрыс, шашыңызды бас киімнің немесе орамалдың астына жинаған абзал.

– Арнайы аэрозоль және спрей репелленттерін пайдаланыңыз, оларды үш сағат сайын қайталап жағып тұру керек. Орман аймағында, шөпті өсімдіктері бар жерлерде жүрген кезде әр 10-15 минут сайын өзара және өзін-өзі тексеруді, үстіңгі тексеруді жүргізу керек. Ашық демалыстан қайтып, киімдерін шешкеннен кейін денені, шаш пен киімді кенелердің, әсіресе бас терісін, қолтықасты, құлақтың артындағы жерлерін жабысып қалатын кенелердің бар-жоғын мұқият тексеріңіз. Киімді желдетіңіз, бөлмеге бірден гүлдерді, бұтақтарды, аңшылық олжаларды әкелмеңіз. Бекітілген және жабысқан кенелерді анықтау және жою үшін үй ит және басқа үй жануарларын тексеріңіз, – дейді дәрігер.

Иә, кененің шағуы аса қауіпті инфекция Қырым геморрагиялық қызбасының даму мүмкіндігімен қауіпті. Оған қоса

табиғи ошақтардағы кенелер кене энцефалитінің қоздығыштарын тасымалдауы мүмкін. Кенеден қорғану ережелерін сақтау және дереу медициналық көмекке жүгіну сізді аурулардан және өміріңізді сақтайды. Бүгінгі спикердің кеңесінен түйеніміз осы.

– Жаз мезгілінде демалыс орындарына көп шығатындар да бар. Бірақ табиғат аясында біз айтқан қауіпсіздік талаптары сақталмаса, кене шағу жағдайлары орын алуы өбден мүмкін. Ал әлгіндей дертен сақтау үшін алдымен осы қауіпсіздік талаптарын сақтаған жөн. Сондықтан біз айтқан ережелер қаперде болғаны дұрыс, – дейді спикер.

Иә, кене – адам өмірі үшін өте қауіпті жөндік. Сондықтан мамандар кене шаққан жағдайда дереу дәрігерлердің көмегіне жүгінуге кеңес береді. Осы маусымда әдеттегідей оңтүстік өңірлерде мұндай жағдайлар көптеп тіркелуде.

Жыл басынан бері Қазақстанда кене энцефалитінің бірнеше жағдайы тіркелген. Денсаулық сақтау министрлігі мұны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өсім байқалатынын жасырмайды. Мамандар кене шағу дерегінің артуын күн райының ерте ысуымен байланыстырып отыр. Әлі де еліміз бойынша мұндай жағдайлар көптеп тіркелуде. Сондықтан мамандар кеңесін қаперге алып, сақтансақ, сақтайтынын естен шығармайық.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Спорт



Келесі кезеңге кім өтеді?

Чемпиондар лигасының алғашқы іріктеу ойындарында Словенияның «Олимпия Любляна» командасын жарыс жолынан ысырған «Қайрат» 22 маусымда Финляндияға жолға шықты. Сырт алаңда «КупС» командасымен кездескен отандық клуб ойыншылары келесі кезеңнің жолдамасын сарапқа салды.

Ә дегеннен қос команда да шабуылды үдетті. Алаң қожайындарының жеңіске барын салатындай жөні бар. Өйткені оларды Алматының орталық стадионында қарымта кездесу күтіп тұр. Сондықтан «КупС» бұл ойында кемі 2-3 гол айырмашылықпен жеңіске жетуі тиіс.

Алғашқы тайымда кезек-кезек шабуыл көп болғанымен есеп ашылмады. Ойынның 12-минутында жартылай қорғаушы Яакко Оксанен сары қағаз алды. Бірақ бас төрешінің бұл шешімі жергілікті команданың сағын сындыра алмады. Олар мұнан кейін де шабуылға басымдық берді.

Келесі тайм басталғаны сол еді, «Қайраттың» қақпашысы сыр берді. Ойынның 49 минутында шабуылшы М.Тоуре есеп ашты. Мұнан кейін «Қайрат» ойыншылары шабуылды үдетті. Бірақ жанкүйерлер күткендей нәтиже болмады. Керісінше ойынның 71-минутында сары қағаз алған Я.Оксанен есепті еселеп, командасын алға шығарды.

Әдеттегідей алаңда «Қайрат» сапында ауыс-түйістер орын алды. Бірақ одан ештеңе өзгерген жоқ. Мұнан кейін қорғанысқа басымдық берген алаң қожайындары «келесі кезеңге өтуге дәл осы есеп айырмашылық та жетеді» деп ойлады. Осылайша сырт алаңда отандық клуб ойыншылары екі голға жауап қатпады.

Үш күннен кейін «Қайрат» өз лигасында тағы да Қостанайда сырт алаңда бір ойын өткізді. Алғашқы тайымда есеп ашқан Жоржињо командасын алға шығарып, жеңісті жақындатты. Екінші таймның ортасында есепті еселеген алматылық клуб ойын соңында тағы бір гол соқты. Ал «Тобыл» жубаныш голын 11 метрлік айып добын орындау арқылы салып, қарсыласына 3 ұпай сыйлады.

Жалпы жанкүйерлер үшін бұл кездесудің айтарлықтай маңызы жоқ. Себебі қазақстандықтар үшін Алматыдағы қарымта кездесуге қатысты көңілдегі күдігі күпті болды. Егер «Қайрат» сырт алаңда «КупС-тен» 1 гол айырмашылықпен ұтылса, келесі кезеңге отандық команданың өтуіне сенімі мол болар еді. Олай болатындай жөні бар, өйткені «Қайрат» алаң қожайындарына есе жіберді демесеңіз, Финляндияда нәтижелі ойын өрнегін көрсетті.

29 маусым. Сағат 20:00-ді көрсетті. Бас төрешінің ысқырығынан кейін қарымта кездесу де басталды. Бұл жолы ө дегеннен шабуылға басымдық берген «КупС-тің» баяғы қарқыны басылған. Керісінше бірінші таймда қарсыласының адымын баққан «Қайрат» ойын басталысымен шабуылға кірісті.

Англияның «Челси» футбол клубы көз тіккен Дастан Сәтпаев тағы да нәтижелі ойынымен көзге түсті. Ол ойынның 9-минутында Л.Мата асырған допты «КупС» қақпасына тұлтаты.

Алғашқы таймдағы «Қайраттың» шабуылы мұнымен біткен жоқ. Жанкүйерлердің де күткені осы еді, ойынның 29 минутында Жоржињо есепті еселеп үлгерді.

Енді «Қайратқа» шамалы қарқынды баса тұру керек, өйткені шабуылға басымдық берген командалардың қорғанысы ашық қалғанына бұған дейін талай куә болғанбыз. Екінші таймның 70-минутына дейін тағы бір гол соғып, қорғанысқа арнады. Ара-тұра қарымта шабуылдар ұйымдастырғаны болмаса, «келесі кезеңге өтеміз» деген сенім олардың осылай ойынуына басты себеп болғандай.

Кеше «Қайрат» тағы да өз лигасында «Ұлытауды» қабылдады. Алғашқы таймда салған жалғыз гол оларға 3 ұпай сыйлады. Отандық клубтың өз лигасында кесіле ойнамайтындай жөні бар. Өйткені алдағы сәрсенбіде оларды маңызды кездесу күтіп тұр. «Қайрат» чемпиондар лигасының тағы бір жолдамасын сарапқа салады.

Осыған дейін 2 ойынды да сырт алаңда бастаған алматылық команда бірінші ойынды өз алаңында өткізеді. Сәрсенбінің сәтті күні Словакияның «Слован Братислава» командасы Алматыда қонақта болады.

Жалпы «Қайраттың» чемпиандар лигасындағы бұл қарсыласы туралы не айтуға болады? Қазіргі таңда бұл клуб өз лигасында турнирлік кестеде екінші орынға жайғасқан. Оның үстіне былтыр өз лигасының чемпионы атанды. Қысқасы, «Қайратқа» бірінші кездесуде ойын қарқынын күшейту керек. Екі гол айырмашылықпен ұтса, сырт алаңда арасында қарымта шабуылға шығып, қорғанысқа басымдық бергені дұрыс. Бірақ ойын өрнегі қалай өрбиді? Ол жағы алдағы уақыттың еншісінде.

Қазірге дейін лига конфедерацияда тағы отандық 2 клуб бар еді. «Ақтөбе» өз алаңында «Спарта Праганы» қабылдап, жеңіске жеткен. Бірақ осы ойында қарсыласының пайдасына төрешінің кезсіз белгілеген 11 метрлік айып добы олардың сағын сындырғандай. Сырт алаңда «Спарта Прага» келесі кезеңнің жолдамасын жұлып алды.

Ал елордада «Зимбрумен» тең тарқасқан «Астананың» Молдавада ойыны жүрді. Бірінші кездесуде қанша шабуылды үдеткенімен, олар қарсыласының қақпасынан саңылау таппады. Ал көшегі ойында керісінше алғашқы таймда-ақ 2 гол соғып, келесі таймды тұтастай қорғанысқа арнады.

Жетінші тамызда елордалық клуб Швейцарияға сапарлайды. Сырт алаңда оларды «Лозаннамен» бірінші ойын күтіп тұр. Оныңша тамызда өз алаңында қарымта кездесу өткізеді. Келесі кезеңге кім өтеді? Тағы да ол жағы алдағы уақыттың еншісінде. Бір білетіміз, «Қайраттың» да, «Астананың» да осы кезеңдегі қарсыластары осал болмай тұр.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г күзлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2761 Тапсырыс №1302